

ЫНТЫМАҚПЕН ЖАҢА БЕЛЕСТЕРГЕ

2024





2024 ЖЫЛҒЫ КӨРСЕТКІШТЕРІМІЗ



2024



Өндіріс:

143,3
млн МЭБ



ҚОҚ шараларына
салынған
инвестициялар:

458,9
млн*



Кен орнын
игеруге салынған
инвестиция:

32,8
млрд*



Газды кәдеге жарату:

99,95%



Жергілікті қамту:

65%



Әлеуметтік жобаларға
бөлінген қаражат:

47,2
млн

* Оператор қызметін иеленген
1998 жылдан бастап 2024ж.
соңына дейін

БАС ДИРЕКТОРДЫҢ АЛҒЫСӨЗІ

Құрметті оқырмандар!

КПО компаниясы Қарашығанақ кен орнын жауапкершілікпен игеру ұстанымын сақтай отырып, өндірістік тиімділік, қоршаған ортаға ұқыпты көзқарас және әлеуметтік ықпал арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етеді. 2024 жылы біз өндіріс тиімділігін арттыру, тұрақты даму бастамаларын ілгерілету және мүдделі тараптар арасындағы әріптестікті нығайту бағытында елеулі жетістіктерге қол жеткіздік.

2024 жылы КПО 143,298 млн. мұнай эквивалентіндегі баррель өнім өндірді. 14 231,242 млрд. текше метр құрғатылған қышқыл газ қабатқа кері айдалды, бұл жалпы өндірілген газ көлемінің шамамен 59,4 пайызына тең.

2024 жылы КПО шикі мұнай экспорты бойынша тарихи рекорд орнатып, 10,93 миллион тонна мұнайды экспортқа шығарды. КҚК құбыры арқылы мұнай сатумен қатар, 2024 жылғы 9 маусымда Қарашығанақ мұнайының КҚК жүйесі арқылы алғаш жөнелтілгеніне 20 жыл толуына орай, Қазақстан Республикасы мен Германия арасындағы үкіметаралық байланыстар аясында КПО 1,1 миллион метрлік тонна шикі мұнайды Адамова Застава (Польша) пунктіне жеткізді.

Жылдың басты оқиғаларының бірі – Қарашығанақ кеңейту жобасының 1А фазасы (ҚКЖ-1А) аясында газды кері айдау компрессорының сәтті іске қосылуы болды. Бұл жетістік КПО-ның ауқымды жобаларды жүзеге асыру мүмкіндігін айқындайтын маңызды кезең болып табылады.

Экологиялық жауапкершілік біздің қызметіміздің негізі болып қала береді. Қоршаған ортаға әсерді азайту және тиімділікті үздіксіз арттыру мақсатында кешенді экологиялық менеджмент жүйесін енгіздік. Шығарындыларды азайту, қалдықтармен жұмыс істеу және инновациялық технологияларды енгізу – компанияның басты назарындағы бағыттар. КПО-ның CO₂ шығарындылары бойынша арнайы көрсеткіші жалпы алғанда өндірілген көмірсутектің мың тоннасына шаққанда 66 тоннаны құрады. Шығарындыларды азайтуға бағытталған шешімдер мен технологияларды тиімді енгізу арқылы КПО газды

2024 жылы
КПО шикі мұнай
экспорты бойынша
тарихи рекорд
орнатып, **10,93**
миллион тонна
мұнайды экспортқа
шығарды.

кәдеге жарату бойынша 99,95% көрсеткішке қол жеткізді және әлемдік деңгейдегі Компанияның экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ете алды.

КПО Қарашығанақ кен орнын игеруге Қазақстандық жеткізушілер мен өндірушілерді жұмылдыру мақсатында белсенді жұмыс атқарып келеді. 2024 жылы КПО-ның тауарлар, жұмыстар мен қызметтер бойынша келісімшарттарындағы жергілікті қамту үлесі 65% құрады.

Жергілікті қоғамдастыққа тұрақты қолдау көрсете отырып, КПО Батыс Қазақстан облысындағы су тасқынынан зардап шеккендерге көмек көрсету үшін 2 миллиард теңге бөлді. Сонымен қатар, КПО БҚО әкімдігімен бірлесіп, баспанасыз қалған отбасыларды қоныстандыру бағдарламасына қолдау көрсетті.

Сізді кітапшаны оқып, онымен танысып шығуға шақырамын. Кітапшада компанияның қазіргі жетістіктері мен негізгі қызметтерін қалай басқаратынымыз туралы маңызды ақпарат берілген. Қосымша мәліметті КПО-ның жыл сайынғы тұрақты даму есебінен және www.kpo.kz веб-сайтынан табуға болады.

Марко Марсили
КПО бас директоры

Марко Марсили
КПО бас директоры



2024 ЖЫЛДЫҢ МАҢЫЗДЫ СӘТТЕРІ



ҚАРАШЫҒАНАҚ КЕҢЕЙТУ ЖОБАСЫ-1А КЕЗЕҢІНІҢ ІСКЕ ҚОСЫЛУЫ

ҚКЖ-1А жобасы – бұл өсіп келе жатқан газ факторын басқару және кен орнындағы сұйық көмір-сүтектер өндіру бойынша ең жоғары деңгейді сақтап тұру мақсатында КПО сәтті жүзеге асырған ірі жобалар тізбегіндегі тек соңғысы ғана.

Бұл маңызды белеске 5-ші компрессорды оның кері айдау қысымын максималды деңгейге апарып сәтті пайдаланудың арқасында қол жеткіздік. Бұл өз кезегінде Қарашығанақ өңдеу кешенінен (ҚӨК) шығатын газды жаңа ҚКЖ-1А газды кері айдау жүйесі арқылы қойнауқатқа алғашқы рет кері айдауға мүмкіндік берді. Жоба үшін маңызды бұл межеге мерзімінен бір ай бұрын жетіп, 22 миллион адам-сағат үнемдей алдық. Жобаның құрылыс кезеңінде жергілікті тұрғындар үшін жеті мыңға жуық жаңа жұмыс орындары ашылды және пайдалану кезеңінде де жергілікті халық үшін жұмысқа орналасу мүмкіндігі қамтамасыз етіледі.

Қазақстанның энергетика саласында Қарашығанақты негізгі актив ретінде бекітетін бұл меже Қазақстан Республикасы Үкіметінің энергетика секторын дамыту жөніндегі стратегиясымен үйлесімді ұштасады. 5-ші газды кері айдау компрессор жобасының сәтті аяқталуы Қарашығанақ кен орнын үздіксіз игеру жолындағы үлкен қадам болып табылады. Бұл жетістік өндірістің ұзақ мерзімді тұрақты болуын және экономиканың өсуін қамтамасыз етеді.

КПО МҰНАЙ-ГАЗ СЕКТОРЫНЫҢ МЕТАН ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫНА ҚАРСЫ КҮРЕС ЖӨНІНДЕГІ СЕРІКТЕСТІККЕ (МГМС 2.0) ҚОСЫЛДЫ

КПО Біріккен Ұлттар Ұйымының озық бағдарламасы саналатын Мұнай-газ секторының метан шығарындыларына қарсы күрес жөніндегі серіктестікке (МГМС 2.0) қосылғаны туралы қуана хабарлайды. Бұл стратегиялық альянс КПО компаниясының өз қызметінің экологиялық көрсеткіштерін арттыруға және климаттың өзгеруіне ықпал ететін маңызды факторлардың бірі болып табылатын метан шығарындыларын азайтуға деген айнымас ұмтылысын көрсетеді.

МГМС 2.0 – өндірудің, өндіріс қызметінің және тасымалдаудың барлық кезеңдерінде метан шығарындыларын азайту мақсатында мұнай-газ секторын біріктіретін жаһандық бастама. Метан ғаламдық жылынуға айтарлықтай әсер етеді, сондықтан планетамыздың болашағын сақтау үшін бірлесіп, күш біріктірген өте маңызды. МГМС 2.0-ге қосылу арқылы КПО экологиялық қауіпсіздік пен тұрақты даму салаларындағы ең жоғары стандарттарды ұстануға деген ұмтылысын растайды. Компания қоршаған ортаға келтіретін әсерді азайтуға және ресурстарды жауапты пайдалануға бағытталған озық технологиялар мен үздік тәжірибелерді енгізуге міндеттенеді.

БҰҰ-ның метанды басқару жөніндегі флагмандық бағдарламасына КПО-ның қосылуы компанияның парниктік газдар шығарындыларын азайту және өз қызметін жаһандық экологиялық стандарттарға сәйкестендіру жолындағы бетбұрыс деуге болады. Компания қоғам мен планета алдындағы корпоративтік міндеттемелерін мойындап қана қоймайды, сонымен қатар климаттың өзгеруіне қарсы күресте халықаралық ынтымақтастықтың қажеттігін түсінеді.





КПО БІРҚАТАР БІЛІМ ЖӘНЕ СПОРТ ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫСЫН АЯҚТАДЫ

2024 жылы өңірдегі апатты жағдайдағы мектептерді жою және үш ауысымды оқыту мәселесін шешу бағдарламасының аясында КПО Казталов ауданы Саралжын ауылында, Бөрлі ауданы Жарсуат ауылында мектептердің құрылысын сәтті аяқтады. Жаңа мектептер заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған, оның ішінде оқу кабинеттері мен мультимедиялық кабинеттер, спорт залы, оқу залы бар кітапхана, сонымен қатар балалардың оқуына қолайлы жағдай туғызатын басқа да қажетті орынжайлар бар.

Сонымен қатар, КПО Казталов ауданы, Казталовка ауылында және Тасқала ауданы, Тасқала



ауылында дене шынықтыру және сауықтыру кешенін пайдалануға берді. Жаңа кешендер өңірдегі спортты дамытуға, халықтың салауатты өмір салтын ұстануға жағдай жасап, түрлі спорттық шаралар мен жаттығуларды ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Кешен ғимараттарында күрес, бокс және гимнастикаға арналған арнайы залдар, баскетбол, волейбол және басқа да спорт түрлерінен жарыстар өткізуге арналған әмбебап спорт залы, сондай-ақ әкімшілік бөлмелер бар. Кешендер заманауи стандарттарға сай және кешенде спортпен шұғылдануға қолайлы жағдай жасалған.

Бүгінде Қарашығанақ Батыс Қазақстан облысының әлеуметтік, экономикалық және мәдени дамуында маңызды рөл атқарады. КПО әлеуметтік жобаларының тізбесі мен олардың басымдығын Батыс Қазақстан облысының әкімдігі айқындайды. Бұл ретте жобаларды жүзеге асыруға тек қазақстандық мердігерлер тартылатынын айта кеткен жөн. КПО ұзақ уақыттан бері жергілікті компаниялармен жұмыс, тауар және қызметтерді сатып алу бағытында тығыз ынтымақтастық орнатып келеді, бұл әлеуметтік жауапты бизнес стратегиясының үлгісі болып саналады.



ӨНДІРІС ОПЕРАТОРЛАРЫ МЕН ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТЕХНИКТЕРІНЕ АРНАЛҒАН КӘСІБИ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ

КПО-да ОРІТО стандартына сәйкес өндіру операторы, техник-электрик және БӨАМА жөніндегі техник мамандықтары бойынша кәсіби дайындық бағдарламасы іске қосылды. Бағдарламаға қатысу үшін іріктеу нәтижесінде Қазақстан Республикасының жоғары және орта арнаулы оқу орындарын жақында тәмамдаған жалпы 47 адамнан тұратын 2 топ құрылды.

Бұл кәсіби даму бағдарламасы қатысушыларға КПО өндіру және техникалық қызмет көрсету бөлімінің талаптарына сәйкес келетін қажетті техникалық білім мен дағдыларды береді. Теориялық және практикалық дайындықты, сондай-ақ өндірістік тәжірибені біріктіру арқылы бағдарлама қатысушылары компанияда одан әрі табысты жұмыс істеуге қажетті кәсіби білім мен құзыреттерді меңгереді. Білікті және кәсіби мамандар құрамы өндірістік мақсаттарға сәтті қол жеткізумен қатар, ұзақ мерзімді даму мақсаттарын жүзеге асыруға да үлес қосады.

КПО 16 жыл бойы ОРІТО мұнай мен газ академиясының халықаралық стандарттарына негізделген жас мамандарды даярлау бағдарлама-

сын сәтті іске асырып келеді. Осы бағдарлама аясында 600-ден астам өндіру операторы мен жабдықтарды пайдалану жөніндегі техник дайындалды, бүгінгі таңда олар компанияның өндірістік объектілерінде жұмыстарын сәтті орындап жүр.





КПО ӨНДІРІСТІК ОБЪЕКТІЛЕРІ


Көмірсутекті өндіру мен өңдеу жұмыстары бір-бірімен байланысқан негізгі үш қондырғыда іске асады: Қарашығанақ өңдеу кешені (ҚӨК), ГҚДҚ-2 және ГҚДҚ-3. Кен орны құбыр жүйесінің ұзындығы шамамен 2000 шақырымды құрайды. Бұл жүйе негізгі өндірістік объектілер мен ұңғымаларды байланыстырады. Осы объектілердің қатарына Мұнайды бастапқы өңдеу станциясы (МБӨС) мен Экоорталық жатады.

2024 жылдың аяғына қарай Қарашығанақ кен орнының жалпы қоры **578** ұңғыманы құрады, оның ішінде **133** өндіру мен **23** кері айдау ұңғымалары жұмыс істейді.



Сізді Қарашығанақ кен орны туралы шағын деректі циклді тамашалауға шақырамыз.

Қарашығанақ кен орны нысандары мен өнімдері





БІЗДІҢ ӨНІМДЕР ЖӘНЕ ЭКСПОРТТЫҚ БАҒЫТТАР



КПО тұрақтандырылған және тұрақтандырылмаған сұйық көмірсутек, шикі газ және отын газын өндіреді және өңдейді.

2024 жылы **9,81 млн тонна** немесе **77,5 млн баррель** көлемінде шикі мұнай КҚК құбыры арқылы Қара теңіздегі Новороссийск портына экспортталды. Сондай-ақ, КПО 1,1 млн тонна мұнайды Атырау–Самара бағытымен Дружба құбыр желісі арқылы Адамова-Застава бекетіне жеткізді, ал сатып алушының межелі нүктесі Германиядағы Шведт мұнай өңдеу зауыты болды. Оған қоса 0,018 млн тонна немесе 0,13 млн баррель Атырау–Самара құбыр желісі арқылы Балтық теңізіндегі Усть-Луга портына әрі қарай Еуропалық Одаққа жеткізу үшін экспортталды.

Қабат қысымын ұстап тұру мақсатында КПО 2024 жылы жер қабатына шамамен 14,2 млрд м³ газды кері айдады, бұл жалпы алынған газдың шамамен 59,4%-на тең.

2024 жылы КПО жаңа ұңғымаларды іске қосу аясында Конденсат АҚ мұнай өңдеу зауытына 11,55 мың тонна тұрақтандырылмаған газ конденсатын жеткізді.

Тазартылмаған газ Қарашығанақ кен орнынан Ресей Федерациясында орналасқан Орынбор газ өңдеу зауытына тасымалдау үшін Қарашығанақ-Орынбор тасымалдау жүйесі (ҚОТЖ) арқылы КПО мен «КазРосГаз» бірлескен кәсіпорны ұзақ мерзімді Қарашығанақ газын сатып алу-сату туралы Келісім негізінде жүзеге асырылады.

КПО 2024 жылы Орынбор газ өңдеу зауытында өңдеу үшін 8,7 млрд м³/жыл тазартылмаған газды КРГ-ға жеткізу арқылы өзінің бастапқы мақсатына қол жеткізді. Бұл жетістік 2024 жылдың белгілі бір айларында Орынбор газ өңдеу зауыты тарапынан болған техникалық қиындықтарға

қарамастан, жоғары көрсеткішке қол жеткізілгенін көрсетеді.

Тазартылған газ (құрамында күкіртті сутек жоқ) кен орнында әртүрлі өндірістік процестерде қолданылады, соның ішінде газ турбиналы электр станциясында электр қуатын өндіру үшін КПО объектілерінің қажеттіліктеріне және ӨБТК міндеттемелерін орындау шеңберінде жергілікті электр қуатын таратушы компанияларына экспорттау үшін қолданылады.

2024 жылы КПО «Батыс Энергоресурстары» ЖШС-не (БЭР) электр энергиясын өндіру үшін отын газын жеткізуді жалғастырды. Алайда, Қазақстан Республикасының «Электр энергетикасы туралы» заңына енгізілген өзгерістерге сәйкес, электрмен жабдықтау міндеттері өңірлік электр желісі компанияларына берілді. Осыған байланысты, БЭР лицензиясының мерзімі аяқталғаннан кейін, 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап өз қызметін тоқтатты.

Осы өзгерістерді ескере отырып, КПО отындық газ сату тәсілін қайта қарады және 2025 жылдан бастап «Батыс Қазақстан өңірлік электр желісі компаниясы» ЖШС-не ҚӨК электр станциясында электр энергиясын өндіру үшін отындық газды тегін жеткізетін болады.

КПО энергетикалық тұрақтылықты ұстана отырып, жергілікті қоғамдастықтарды қолдау мақсатында газ жеткізуді үздіксіз қамтамасыз етуді жалғастырады. Әлеуметтік жауапкершілік аясында, КПО өңірлік электр желілеріне электр энергиясын өндіру қуатын тегін ұсынуды жалғастырып, Батыс Қазақстан облысының электр энергиясына деген қажеттілігін қамтамасыз етуге үлес қосуда.

Қабат қысымын ұстап тұру мақсатында КПО 2024 жылы жер қабатына шамамен **14,2 млрд м³ газды** кері айдады, бұл жалпы алынған газдың шамамен **59,4%-на** тең.



ӨНДІРУ ЖӘНЕ
ӨНІМДІ САТУ

2024 жылғы өндіріс көлемі

		2022	2023	2024
Жалпы өндіріс көлемі*	млн б.м.э.	128,5	142,7	143,3
Тұрақтандырылған мұнайдың жалпы көлемі	мың т	10 134	10 858	10 968
Жалпы өндірілген газ көлемі	млн ст. м³	19 442	22 385	23 942
Кері айдалған газ Сатылмаған, қабатқа кері айдалған газ көлемі	млн ст. м³	11 131	12 650	14 231
Өндірілген отын газы көлемі	млн ст. м³	842,9	918,9	960

* Жалпы өндіріс көлемі көрсеткіштерінде қабатқа кері айдалған газ көлемі есептелмеген

2024 жылғы сатылымдар

		2022	2023	2024
Жалпы сатылымдар көлемі	млн б.м.э.	124,9	136,7	137,5
Тұрақтандырылмаған сұйық көмірсутектер Конденсат АҚ МӨЗ-на жеткізілген конденсат	мың т	30	104	11,6
Тұрақтандырылған сұйық көмірсутектер КҚК және Атырау-Самара жүйесіне жіберілетін мұнай және тұрақтандырылған конденсат	мың т	10 171	10 648	10 929
Орынбор ГӨЗ-на жіберілетін тазартылмаған газ	млн ст. м³	7 455	8 805	8 738
БҚО тұрғындары қажеттіліктеріне берілетін тазартылған газ	млн ст. м³	70	65	60,8





ҚАРАШЫҒАНАҚТАҒЫ ӨНДІРІСТІҢ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙЛІ МЕРЗІМІН ҰЗARTУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ЖОБАЛАР



КПО компаниясының игеру саласындағы жобаларды табысты жүзеге асыруда айтарлықтай жетістіктері бар. Қарашығанақ газы бойынша өндірістік шектеулерді алу жобасы 2021 жылдың наурызында сәтті аяқталып, пайдалануға берілді. Бір жылдан кейін 2022 жылдың мамырында 4-ші газды кері айдау компрессорын (4-компрессор) салу жобасы сәтті аяқталып, іске қосылды.

2024 жылы КПО Қарашығанақ кеңейту жобасы-1А (ҚКЖ-1А) аясындағы өндірістік объектілерді, соның ішінде бесінші айдау компрессорын, сәтті іске қосты. Бұл жобалар айтарлықтай үлес қосып, Қазақстан Республикасы мен Қарашығанақ жобасы бойынша серіктестерге қосымша табыс әкелмек. Сонымен қатар, бұл жобалар Қазақстан азаматтары үшін жаңа жұмыс орындарын ашды. Жобаларды іске асыру кезіндегі КПО-ның басым мақсаттарының бірі – жергілікті мердігерлердің бәсекеге қабілеттілігін жақсарту мақсатында жергілікті қамтуды барынша арттыру.

Сонымен қатар, жобалық топ Қарашығанақ кеңейту жобасы 1-В (6-шы кері айдау компрессоры) бойынша жұмысын жалғастыруда. Қазіргі уақытта жоба іске асыру кезеңінде тұр және

2024 жылдың соңына қарай 70%-нан астамы орындалды. Қазіргі жоспарға сәйкес, жоба 2026 жылғы қыркүйекте жұмысын бастайды.


Қарашығанақ газ өңдеу зауытының жобасы

2024 жылы КПО Қарашығанақ газ зауыты (ҚГЗ) жобасын бағалауды жалғастырды, бұл жоба тауарлық газ бен сұйытылған мұнай газын (СМГ) ақшалы ету көлемін барынша арттыруды, сондай-ақ конденсат өндіру қуатын кеңейтуді мақсат етеді. ҚГЗ жобасының экономикалық орындылығы әлі де жан-жақты қарастырылу үстінде. Қазіргі уақытта оның техникалық орындалуы мен әлеуетті тиімділігіне қатысты зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Аталған зерттеулер сонымен қатар кен орнындағы қолданыстағы инфрақұрылымды толықтыру мақсатында жаңа өңдеу қуаттарын біріктіру мүмкіндіктерін де қарастыруда. Толық көлемдегі игеру жұмыстарының мерзімі әлі де қарастырылып жатқанымен, КПО бағалау жұмыстарын жалғастыруға және соңғы инвестициялық шешім (FID) қабылданғаннан кейін іске асыруға бейілді.

2024 жылы КПО Қарашығанақ кеңейту жобасы-1А (ҚКЖ-1А) аясындағы өндірістік объектілерді, соның ішінде бесінші айдау компрессорын, сәтті іске қосты.



ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ҚАМҚОРЛЫҚ



Қарашығанақ секілді техникалық тұрғыдан күрделі кен орнын игеру және пайдалану барысында қоршаған ортаны қорғау — басты басымдықтардың бірі әрі шешім қабылдаудағы маңызды фактор болып табылады. Табиғатпен үйлесімді жұмыс істеу – қиын, бірақ аса маңызды міндет. Қоршаған ортаны қорғау саладағы КПО-ның күш-жігері Қазақстандағы сала бойынша әріптестерімен қатар халықаралық деңгейде де танылды.


Оператор қызметін иеленген 1998 жылдан бастап, КПО қоршаған ортаны қорғау шараларына **459 млн АҚШ** долларынан астам инвестиция салды. Жақында Қазақстанның ресми саясатына айналған «жасыл экономика» тұжырымдамасы жоба басталғаннан бері әрқашан КПО-ның өндірістік қағидаларының ажырамас бөлігі болып келді. КПО өз қызметтерін аймақтағы биотүрлілігін сақтап, қоршаған ортаға барынша аз



ықпал етіп жүргізуді көздейді. Сондықтан да Қарашығанақ кен орны аймағында әртүрлі жануарларды, соның ішінде «Қызыл кітапқа» енген сирек және жойылып кету қаупі бар жануарларды кездестіруге болады.

Компания заманауи әлемдік деңгейдегі танымал ең озық технологияларды қолданады. Шығындыларды азайту, қалдықтарды қайта өңдеу және жаңа технологияларды енгізу мәселелеріне ерекше көңіл бөлінеді. 2024 жылы Қарашығанақ кен орнындағы газды кәдеге жарату көрсеткіші 99,95%-ды құрады, бұл – әлемдік деңгейдегі көрсеткіш.

2014 – 2024 жж. газды кәдеге жарату және жағу



ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕЛЕРІ

Компания қауіп-қатер факторларын ерте кезеңде анықтауды, қоршаған ортаға тиетін кері әсерді жоюды және осы саладағы көрсеткіштерді үздіксіз жақсартуды көздейтін экологиялық және энергетикалық менеджмент жүйелерін іске асырып келеді.

- ✓ 2024 жылғы тамызда КПО ISO 14001:2015 және ISO 50001:2018 стандарттарына сәйкестікті тексерген бақылау аудитін сәтті аяқтады.



Аудит нәтижесінде компанияда бір де бір ережеге сәйкессіздік анықталған жоқ, ал КПО-ның экологиялық және энергетикалық менеджмент жүйелері тиімді деп танылды және халықаралық стандарттарға толық сәйкес жүргізілетіні расталды.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫ

АТМОСФЕРАҒА ШЫҒАРЫНДЫЛАР

2024 жылғы қоршаған ортаны қорғау шараларын жүзеге асыру нәтижесінде келесі жетістіктерге қол жеткізілді:



Ұңғыма операцияларын жүргізу кезінде көлемдік үлесі жоғары газды алу үшін жер үсті сорғысын пайдалану шығарындылардың 5361,13 тоннаға азайтты.

Қабатқа әсер ету үшін көмірсутек негізіндегі сұйықтықты қолдану (Lamix немесе Diesel) атмосфераға шығарындыларды 699,43 тоннаға азайтуға мүмкіндік берді.



ҚАЛДЫҚТАРДЫ ЖӘНЕ САРҚЫНДЫ СУЛАРДЫ БАСҚАРУ

КПО түзілетін қалдықтардың адамдар мен қоршаған ортаға тиетін нақты және ықтимал қауіпін азайтуға барынша күш салады. Компанияда қалдықтарды өңдеудің келесі әдістері қолданылады, атап айтқанда:



2024 жылғы нәтижелер:

Қалдықтарды қауіпсіз және тиімді басқару жүйесін ұйымдастыру және қатерлерді азайту мақсатында КПО 2024 жылы келесі шараларды жүзеге асырды:



ПАРНИКТІК ГАЗ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ

Сұрыпталып, кейін өңдеуге және қайталама шикізат ретінде қайта пайдалануға жіберілген қалдық көлемі:

5,23
тонна металл қалдықтары – бұл көрсеткіш 2023 жылмен салыстырғанда 31 %-ға артық (3,64 тонна).

32,28
тонна пластик, бұл 2023 жылғы деңгеймен (32,2 тонна) бірдей көрсеткіш.

88
тонна қағаз қалдықтары, бұл 2023 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 6%-ға көбірек (83 тонна).

6,26
тонна әйнек (әйнек сынықтары), бұл 2023 жылғы деңгеймен (6,53 тонна) бірдей көрсеткіш.

Пайдалы компоненттерді қалпына келтіру және қоқысты өртеу нәтижесінде қоршаған ортаға тасталған қалдықтар көлемі **88** %-ға азайды.

1 584,07
тонна құрылыс қалдықтары арнайы ұйымдарға қайта өңдеуге және қайта пайдалануға жіберілді.


2024 жылы Қарашығанақ кен орнында бұрғылау ерітінділерін дайындау, теректерді суару және шаң басу мақсатында қайта пайдаланылған тазартылған сарқынды сулардың көлемі **32 234м³** құрады. Тазартылған ағынды сулардың басым мөлшері бұрғылау жұмыстарында, ал қалғаны құрылыс алаңдарындағы шаңды басу үшін және кен орны объектілерінің техникалық қажеттіліктері үшін пайдаланылды.

2024

2024 жылғы КПО-ның CO2 шығарындылары бойынша меншікті көрсеткіші өндірілген КС мың тоннасына шаққанда 66 тонна CO2 құрады.

Өндірілген көмірсутек шикізатының бірлігіне шаққандағы парниктік газ шығарындыларының үлесі бойынша КПО-ның көрсеткіші еуропалық көрсеткіштерден 11%-ға және халықаралық көрсеткіштерден 44%-ға төмен.

ПГ меншікті шығарындылары, 2022–2024 жж.



ҚОРШАҒАН ОРТА МОНИТОРИНГІ

Өндірістік экологиялық бақылау (ӨЭБ) бағдарламасына сәйкес КПО жан жақты қоршаған ортаны қорғау мониторингін жүргізеді. ӨЭБ бағдарламасы аясында өндірістік қызметтердің қоршаған ортаға ықтимал әсерін бағалау мақсатында қоршаған ортаға шығарылатын шығарындыларға (ауаға шығарындылар, сарқынды суларды жіберу, қалдықтарды өңдеу және жою), сонымен қатар қоршаған орта компоненттерінің сапасына (ауа, жер үсті және жер асты сулары, топырақ) бақылау жүргізіледі.

ӨЭБ бағдарламасы сынамалар алу және өлшеу орындарын, бақыланатын компоненттердің тізімі мен мониторинг жүргізу жиілігін бекітеді.

КПО ауа сапасының мониторингі аккредиттелген зертхананың көмегімен сынамалар алу және талдау арқылы, сондай-ақ Қарашығанақ кен орнында және санитарлық қорғау аймағы периметрінде орналасқан 18 автоматты экологиялық мониторинг станциялары (ЭМС) арқылы бақылайды. Әрбір станция ауа құрамындағы (H₂S) күкірт сутегін, (SO₂) күкірт диоксидін, (NO₂) азот диоксидін, (CO) көміртек оксидін үздіксіз өлшеп тұратын төрт (4) талдағышпен жабдықталған. Бақыланатын ластаушы заттардың ауа құрамындағы мөлшері жоғары деңгейге жеткен жағдайда ЭМС ескерту дабыл белгісін іске қосады.

2024 жылы КПО келесі негізгі іс-шараларды аяқтады:

- ✓ Қарашығанақ мұнай, газ және конденсат кен орнында (ҚМГКК) және экспорттық құбыр жолы бойындағы қоршаған ортаға мониторинг 2024 жылғы ӨЭБ бағдарламасының жоспарланған ауқымына толық сәйкес жүргізілді. 2024 жылға арналған жыл сайынғы мониторинг аясында 100 000-нан астам сынама алынып, 120 мыңға жуық зертханалық талдау және 28 мың өлшеу жүргізілді.
- ✓ Тұрғындардан түскен газ иісіне шағымдар бойынша (3 шағым) ақпараттық есептер дайындалды. Бір шағым 3 елді мекендерден – Ақсай, Облавка және Жаңаталап түсті. 2023 жылмен салыстырғанда 2024 жылы газ иісіне қатысты шағымдар саны 6 есе азайды. Шекті рұқсат етілген концентрацияның (ШРК) б.м. мәнінің асып кету жағдайларының саны да жиырма есеге төмендеді (2023 жылы – 178 жағдай, 2024 жылы – 9 жағдай). КПО-ның барлық объектілері қалыпты жағдайда жұмыс істеді, ШРК б.м. мәнінің асып кету және тұрғындар тарапынан газ иісіне қатысты шағымдар тіркелген кезде ұңғымаларда алау жағу немесе тазарту жұмыстары жүргізілген жоқ. Технологиялық жабдықтың ақаулары, ағулар, рұқсат етілмеген шығарындылар, сондай-ақ апаттық немесе жоспарлы тоқтату жағдайлары тіркелген жоқ.
- ✓ Елді мекен аумағындағы ауа мониторингі бойынша ай сайынғы нәтижелер жергілікті баспасөз басылымдарында жарияланады және ауылдық округ әкімдіктеріндегі, жергілікті клубтардағы, сондай-ақ КПО бас кеңсесіндегі ақпараттық тақталарға ілінеді.

БИОТҮРЛІЛІК

Биотүрлілікті сақтауға бағытталған іс-шаралар жоспары (БСЖ) – экожүйенің бұзылуы мен биотүрліліктің нашарлауының алдын алуға арналған негізгі шаралардың бірі. 2020 жылы Биотүрлілікті сақтауға бағытталған 2021-2023 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары әзірленді.

БСЖ-ның 2022 жылға арналған жұмыс көлемін орындау шеңберінде флора мониторингі жүргізілді, оның мақсаты флора түрлері бойынша деректер қорын жаңарту болып табылады. Зерттеулер нәтижесінде флораның түрлік құрамы түрлілігінде айтарлықтай өзгерістер байқалмады, және мекендеу орталары немесе фаунаға келтірілген теріс ықпал да анықталмады. Сонымен қатар, құстарды қорғау құрылғыларын орнату туралы ұсыныс түсті.





800 гектардан
астам аумаққа

1,5

миллионнан
астам ағаш
отырғызылды.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БАСТАМАЛАР

Ақсай қаласында өткен қалалық сенбілік



2024 жылдың 20 қыркүйегінде «Климаттық өзгерістер: озық технологияларды пайдаланудың сын-қатерлері мен перспективалары» тақырыбында Орал қаласында VII «Uralsk Green Forum» Халықаралық экологиялық форумы өтті, оған 250-ден астам қатысушы жиналды. Форум аясында көміртегі бейтараптығы қағидаттарын одан әрі ілгерілету және өңірді тұрақты дамыту мақсатында жасыл технологияларды енгізуді ынталандыру үшін жағдай жасауға шақыратын бәріне ортақ Резолюция қабылданды.

UGF форумы шеңберінде «Солнечный Уралск» қайырымдылық қоры ұйымдастырған бірлесіп терек отырғызу науқаны өтті.

Экологиялық дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды және оң тәжірибелерді КПО жұмыскерлер мен бизнес серіктестері арасында анықтау, ілгерілету және бөлісу мақсатында «Экология және Менің Отбасым» атты бейнероликтер байқауы ұйымдастырылды. VII Халықаралық UGF форумында байқау жеңімпаздары марапатталды.

Шілде айында 2023 жылғы экологиялық көрсеткіштер бойынша барлық компания жұмыскерлері үшін оқу видеокурсы шығарылды. Сонымен қатар, экологиялық басқару жүйесі бойынша электронды оқыту жүргізіліп, оған шамамен 1700 жұмыскер қатысып, оқуды аяқтады.

Орал және Ақсай қалаларында қала тазалау және көгалдандыру науқандарына 100-ден

астам КПО жұмыскері қатысты. Мұндай бастамалар қоғамдық сананы қалдықтарды азайтуға және қалдықтарды дұрыс басқаруға деген көзқарасты қайта қалыптастыруға көмектеседі.

2024 жылы Жасыл кеңсе жобасының іс-шаралар жоспары аясында келесі шаралар жүзеге асырылды:

- ✓ Кейбір кеңселердің сантораптарындағы крандарға су ағымын азайтатын шектеуіштер орнатылды.
- ✓ Жалға алынған ғимараттарда жарықты басқару үшін барлық сантораптарға қозғалыс бергіштері орнатылды, сонымен қатар ескі есептегіштер жаңаға ауыстырылып, электр энергиясын тұтыну үнемі бақылауға алынды.
- ✓ Энергия тиімділігін арттыру шараларының қатарына қабырғаларды оқшаулау, терезелер мен тығыздағыштарды ауыстыру, сондай-ақ жылу шығынын азайту үшін жылу жүйесі мен радиаторлар жаңартылды.
- ✓ Су мен энергия үнемдеу талаптарын енгізу үшін жаңа келісімшарт қосымшалары ұсынылды.
- ✓ Компанияның Орал және Ақсай қалаларындағы жалға берілетін кеңселерінде бір реттік ыдыстарды тұтыну көрсеткіші 2023 жылмен салыстырғанда 43%-ға азайды.

ЖҰМЫСКЕРЛЕРДІ ДАМУ

2024

2024 жылдың соңына қарай Компанияның өзінде және уақытша жобаларда жұмыс жасап жатқан КПО жұмыскерлерінің жалпы саны **4080** адамды құрады, оның ішінде **3886** адам қазақстандық, ал **194** адам – құрушы компаниялардың іссапарға жіберген жұмыскерлері.


Қазақстандық жұмыскерлер
3,886



Құрушы компаниялардың іс-сапарға жіберген жұмыскерлері
194



Картада КПО жұмыскерлерінің Қазақстанның қай аймағынан келіп жұмыс істейтіні көрсетілген.



КАДРЛАРДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУ ҮЛЕСІ

КПО-ның 2020–2025 жылдарға арналған кадрлардағы жергілікті қамтуды арттыру бағдарламасы 2020 жылы Өкілетті органдарымен мақұлданды. Аталмыш бағдарлама шеңберінде 2024 жылы шетелдік мамандар атқарған 3 лауазымға жергілікті жұмыскерлер тағайындалып,

2 лауазым қысқартылды. 2024 жылдың аяғында жергілікті кадрлар жалпы штаттың 95%-ын құрады. Жалпы, 1999-2024 жылдар аралығында КПО-ның 272-дан астам шетелдік маманы жергілікті жұмыскерлермен алмастырылды және шетелдік мамандар атқарған 305 лауазым қысқартылды.

Санат	Сипаттамасы	ҚР заңнамасына сәйкес талаптар	2024
1+2	Жоғары басшылық және олардың орынбасарлары, Бөлім және объекті басшылары	Кемінде 70%	86%
3+4	Кәсіби мамандар /Білікті жұмыскерлер	Кемінде 90%	98%

ОҚЫТУ ЖӘНЕ ДАМУ

Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімге (ӨБТК) қол қойылғалы бері жергілікті жұмыскерлерді дамытуға 245 млн АҚШ долларынан астам қаражат жұмсалды. КПО компания жұмыскерлеріне арнап арнайы және халықаралық сертификатталған оқу бағдарламаларын, тіл үйрету курстары және ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ бойынша міндетті курстарды қамтитын кешенді оқытуды үнемі қамтамасыз етеді.

2024 жылы КПО компаниясында келесі халықаралық сертификатталған оқыту бағдарламалары жүзеге асырылды:


1. Газ, мұнай мен су бөлінген жағдайда ұңғыманы басқару/ұңғыманың қысымын қадағалау (IWCF).
2. Бұзбай сынау/ бойынша сертификаттау (NDT).
3. CIPS институтының (сатып алу және жеткізу саласындағы лицензияланған институт) халықаралық дипломы мен сертификатталған бағдарламалар.
4. OPITO стандарты бойынша ірі төтенше жағдайларды басқару және оларды жою мақсатында алғашқы әрекет ету курсы (MEMIR).
5. Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық сертификат (NEBOSH).
6. Сертификатталған ішкі аудитор (CIA).
7. Халықаралық қаржылық есептілік бойынша ACCA сертификаты бойынша оқыту.

8. Бизнесі ұйымдастыру және басқару магистрі (MBA).
9. API (Америкалық мұнай институты) техникалық стандарттары бойынша сертификаттау.
10. Жобаны кәсіби басқару бойынша сертификаттау (PMP)®.
11. IECex/Complex сертификаты. Жарылыстан қорғау.
12. ASME стандарттары сай зауыт инспекторы.
13. Ұйымдар мен бизнестегі коучинг (ICF).
14. ISO 9001:2015 (Сапаны басқару жүйесі), ISO 50001:2018 Энергия менеджменті жүйесі (ішкі аудитор), ISO 14001:2015 Экологиялық менеджмент жүйесі (ішкі аудитор), ISO 45001:2018 Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасын басқару жүйесі (ішкі аудитор), Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі + Ақпарат қауіпсіздігі бойынша аудит ISO 27001, ISO 19011 «Аудит жүргізу жөніндегі нұсқаулық» стандарты.
15. Халықаралық сертификатталған сатып алу жөніндегі маман (CIPP).
16. Қауіпсіздік техникасы және денсаулық сақтау институтының (IOSH) «Қауіпсіздікті басқару» курсы.
17. Экологиялық менеджмент саласындағы IEMA халықаралық сертификаты.
18. OPITO стандартына сәйкес өндіріс операторлары мен техникалық қызмет көрсету техника-теріне арналған кәсіби даму бағдарламасы.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРМЕН СЕРІКТЕСТІК

КПО Қазақстандағы 34 оқу орнымен ынтымақтасып, Қазақстан Республикасының мұнай-газ өнеркәсібі үшін кәсіби кадрлар даярлауда маңызды рөл атқарды. Қазақстандық жоғарғы оқу орындармен серіктестік екіжақты келісім-шарттар негізінде студенттерді жұмысқа орналастыру бағдарламасы арқылы жүзеге асырылады. 2024 жылы 44 мамандық бойынша 22 оқу орнынан келген 215 студент КПО-ның түрлі бөлімдерінде практикалық және дипломалды тағылымдамадан өтті. 2014 жылдан 2024 жылға дейін компания осындай студенттерді жұмысқа орналастыру бағдарламасын аяқтаған 242 студентті жұмысқа қабылдады.

КПО-да тағылымдамадан өткен студенттер саны, 2022–2024 жж.



Еңбек қатынастары және тәртіпке қатысты мәселелерді тергеу

Еңбек қатынастары – бұл лауазымдық міндеттерін жеке орындағаны үшін еңбекақы алатын жұмыскер мен жұмыс беруші арасындағы келісімге негізделген қатынастар. Еңбек қатынастарына кіріскен жұмыскер еңбек заңнамасына бағынуға міндетті, ал жұмыс беруші заңға, ұжымдық шартқа немесе жеке еңбек шартына сәйкес еңбек етуге жағдай жасауға міндетті. Жұмыскерлермен оң және нәтижеге негізделген қарым-қатынасты сақтай отырып, компания өз жұмыскерлерін жағымды жұмыс рухын дамытуға және жұмыс процесіне қатысуға шабыттандыруға тырысады.

Жұмыскерлермен қарым-қатынастың негізгі стратегиясы – салауатты жұмыс ортасын құру арқылы компания мүддесі мен жұмыскерлердің мүддесі арасындағы тепе-теңдікті сақтау.

Еңбек қатынастары көптеген іс-шараларды қамтиды, соның ішінде:

- ✓ Кәсіподақтармен жұмыс істеу және олардың қызметін үйлестіру, бұған компания өкілдері мен жұмыскерлер арасындағы келіссөздер де кіреді.
- ✓ Жұмыскерлерді марапаттау және көтермелеу бағдарламасын енгізу, бұл жұмыскерлерді жұмысқа тарту үшін маңызды, осылай жұмыскер өзінің рөлін сезініп, өзінің еңбегінің бағаланатынын түсінеді.
- ✓ Бизнесінің әлеуметтік жауапкершілігі және еңбек ресурстары бойынша саясат шеңберінде («KAZENERGY», «Парыз» және т.б.) республикалық сайыстар мен іс-шараларға қатысу.
- ✓ Еңбек даулары мен еңбек тәртібіне қатысты мәселелерді, оның ішінде келістіру комиссияның құзыретіне кіретін істерді шешу.
- ✓ Алғытөлем/несие/материалдық көмекке қатысты бағдарламаларды іске асыру. Бұл өтінімдерді дайындауды, оларды Комитеттің қарауына беруді (жеке қажеттіліктерге сұралатын алғытөлемдер, әлеуметтік тұрғыдан жағдайы шамалы жұмыскерлерге, сондай-ақ шұғыл медициналық көмекке мұқтаж жұмыскерлер мен олардың отбасы мүшелеріне материалдық көмек) қамтиды.



Қазақстан мұнайының 125 жылдығына орай қызметкерлерді марапаттау рәсімі



Кәсіподақтармен жұмыс

Кәсіподақтармен жұмыс істеу өте маңызды, өйткені ол жұмыс беруші мен жұмыскерлердің мүдделерін теңестіреді. Жұмыскерлердің еңбек жағдайларын жақсарту әрқашан басты назарда болады.

Ұжымдық шарт – бұл ұжымдық келіссөздер процесінің нәтижесінде Компания да, кәсіподақтар да бірге келген келісім. Кәсіподақтар әлеуметтік және еңбек қатынастарының түрлі бағыттары бойынша ұжымдық шарттардың жобаларын әзірлейді және ұсынылған шарттар бойынша Компаниямен келіссөздер жүргізеді. КПО-да жұмыскерлердің мүдделерін төрт кәсіподақ қорғайды:

- ✓ «Қарачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясы жұмыскерлерінің жергілікті кәсіподақ ұйымы» ҚБ
- ✓ «Қарашығанақ КПО және мердігер ұйымдар жұмыскерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ
- ✓ «Қарачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.», «TRUST» және мердігерлік ұйымдар жұмыскерлерінің жергілікті кәсіподақ ұйымы» ҚБ
- ✓ «Бөрлі мұнай-газ секторы жұмыскерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ

2024 жылдың соңында 2025-2027 жылдарға арналған жаңа ұжымдық шартқа қол қойылды. КПО ұжымдық шартының ережелері барлық

КПО жұмыскерлеріне олардың кәсіподақта мүшелік етуіне қарамастан қолданылады. Бас директор жаңа шарт тең құқықты тараптардың диалогының және еңбек процесіне тартылған барлық қатысушылардың мүддесі үшін маңызды сұрақтарды шешуге бағытталған тараптардың ұмтылысының нәтижесі екенін атап өтті.

Марапаттау

Компания жұмыскерлерін ынталандыру мақсатында 2024 жылы өткен екі мерекелік оқиға – Қазақстан мұнайының 125 жылдық мерейтойы және Қарашығанақ кен орнының ашылғанына 45 жыл толуына орай КПО-ның 207 жұмыскері түрлі марапаттарға ие болды, оның ішінде ҚР Энергетика министрлігінің, KazEnergy қауымдастығының, БҚО және Бөрлі әкімдіктерінің медалдарымен марапатталды.

Мәдени-бұқаралық және спорттық шаралар

Сегіз ірі спорттық шараны (кәсіподақтармен бірлесіп) өткізу арқылы КПО компаниясында салауатты өмір салты мен барлық спорттық шараларды қолдау бағдарламасы сәтті іске қосылып, жүзеге асырылды. Сонымен қатар, еңбек қатынастары және тәртіпке қатысты мәселелерді тергеу бөлімінің белсенді қатысуымен Ақсай қаласында 2 сенбілік ұйымдастырылып, өткізілді.

ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ


Біздің мақсатымыз – жарақат алу қаупін барынша азайту және оқыс жағдайлардың ауырлық деңгейін азайту. **Қауіпсіздік техникасын қамтамасыз ету – КПО-ның ең басты мақсаты.**

КПО компаниясы жыл бойы профилактикалық шаралар арқылы алдын алуға болатын, осылайша жазатайым оқиғалардың пайда болуын ескертетін ықтимал қауіп-қатерлер көздерін анықтау дағдыларына оқытуға басымдық қойып, өнеркәсіптік қауіпсіздік пен нысандар тұтастығын қамтамасыз ету механизмдерін жетілдіру жұмыстарын жалғастырды. Әзірленген профилактикалық шаралардың сенімділігі, осал жерлерін анықтау мақсатында бірнеше рет бағаланды.


ЕҚЖЖ – Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген жарақаттар = өліммен аяқталған оқиғалар + Еңбек ету қабілетін уақытша жоғалтуға әкелген оқиғалар (ЕУЖО).

ТТЖ – тіркелуі тиіс жарақаттар = өліммен аяқталған оқиғалар + Еңбек ету қабілетін уақытша жоғалтуға әкелген оқиғалар (ЕУЖО) + еңбек ету қабілеті шектелген жағдайлар (ЕШЖ) + медициналық көмек көрсетілген жағдайлар (МКЖ).

ЫҚО – Ықтимал қауіпті оқиғалар.



2024 жылғы ЕҚЖЖ, ТТЖ, ЫҚО жиіліктері



2024 жылғы ЖКО жиілігі



ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУДЫ ДАМУ


КПО Қарашығанақ кен орнын игеруде жергілікті қамтуды барынша оңтайландыру үшін бар күшін салып келеді. Жұмыстар мемлекеттік және салалық бағдарламаларға және жергілікті қамту саласындағы КПО саясатына мұқият сәйкес орындалады.

Ортақ мақсатқа шын берілу арқасында 2024 жылы Қарашығанақ жобасындағы жергілікті қамту үлесі 679,7 миллион АҚШ долларына жетіп, 65% құрады.

КПО қызметі тауарларды сатып алудағы жергілікті қамту деңгейін арттыруға бағытталған. 2024 жылы СТ-KZ сертификатымен дәлелденген, 18,2 пайыз (38 млн АҚШ доллары) ЖҚ үлесі бар жергілікті кәсіпорындарда өндірілген тауарларға төленген жалпы сатып алудың 42,3% (88,3 млн АҚШ доллары). Осылайша, 2024 жылы тауарлар бойынша ЖҚ деңгейі тарихи ең жоғары меже – 18,2%-ға жетті.

2024 жылы КПО-ның жергілікті қамтуды дамытуға бағытталған бастамаларының арқасында келесі нәтижелерге қол жеткізілді:

- ✓ КПО-ның 2024-2029 жылдарға арналған ұзақ мерзімді бағдарлама "Қарашығанақ жобасына сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер үшін жергілікті қамтуды дамыту бағдарламасын" уәкілетті орган және энергетика министрлігімен тығыз ынтымақтастықта әзірлеп, сәтті түрде мақұлданған.
- ✓ ББК тендерлік процедурасында көзделген (сынақ тапсырыс статистикасы, мақсаты) жергілікті жеткізушілерді қолдау тетіктері енгізілді.
- ✓ Қазақстанда Қарашығанақ жобасының қажеттіліктері үшін келесі тауар түрлерін өндіруге 33 миллион АҚШ долларынан астам соманы құрайтын 9 келісімшартқа қол қой-



ылды: электр жабдықтар (тарату тақтасы), клапандар, контейнерлер, жылу алмастырғыштар, құбыр бұйымдары, механикалық тығыздауыштар, (қосалқы бөлшектер), ЖҚҚ, БӨАМА, бетон плиталар және т. б.

- ✓ Жалпы сомасы 36,9 млн АҚШ долларын құрайтын 10 «қазақстандық тендерді» тек қана жергілікті компаниялар арасында өткізді. Нәтижесінде КПО жалпы сомасы 340 мың АҚШ долларын құрайтын бір келісімшарт жасасты. Қалған "Қазақстандық тендер" бойынша жұмыстар жалғасып жатыр.
- ✓ IMB Орталығымен бірлесіп қол жеткізген жетістіктері:
 - ◇ Жаңа өкім Операторлар (НКОК, ТШО және КПО) арасында келісілді.
 - ◇ 2024 жылғы 10 шілде – IMB Орталығының форумы, Атырау қаласы.
 - ◇ 2024 жылғы 10-12 шілде – Ашық есік күні, Атырау қаласы (23ТТМ-на қол қойылды).
 - ◇ 2024 жылғы 2 қазан – Теңіз, Қашаған және Қарашығанақ жобалары бойынша А тобына кіретін тауарларды жергіліктендіру жөніндегі IMB орталығының семинары, Атырау қаласы.
 - ◇ 2024 жылғы 12 желтоқсан – Теңіз, Қашаған және Қарашығанақ жобалары бойынша В тобына кіретін тауарларды жергіліктендіру жөніндегі IMB орталығының семинары, Атырау қаласы.
 - ◇ D тобына жататын тауарлар бойынша сұранысқа талдау жүргізілуде.
- ✓ 2019 жылдан бастап, КПО тауарларды жергіліктендіруге бағытталған жол карталарына

қол қойып, 48 млн АҚШ долларынан астам сомға түпнұсқалық жабдық өндірушілерімен (ТЖӨ) сегіз келісімшарт жасасты. Нәтижесінде, 2024 жылы КПО Қазақстан Республикасында өндірілген жоғары технологиялы ТЖӨ тауарларын сатып алды, бұл көрсеткіш жергілікті қамту бойынша келісімшарт міндеттемелерден асып түсті.

- ✓ Жергілікті және шетелдік компаниялардың 150-ден астам өкіліне арналған келесі тақырыптар бойынша сегіз (8) онлайн техникалық хабардардықты арттыру вебинары ұйымдастырылды: Келісімшарттар жасау және сатып алулар, КПО дерекқорында тіркелу, ЖҚ тетіктері, химиялық заттар, клапандар, жүк көтеру және өрт сөндіру жабдығы, ЖЖАБ жүйесі, май сүзгілері, оқшаулағыш материалдар, құбыр өнімдері және электр жабдықтарына қойылатын техникалық талаптар мен сұраныстар.

ҚКЖ-1А/В жобалары аясында:

- ✓ Негізгі құрылыс және жобалау жұмыстарын «ККС-СИЧИМ» ЖШС жергілікті консорциумы орындап жатыр.
- ✓ Жергілікті жұмыскерлер үшін 4000-нан астам жұмыс орны құрылды.
- ✓ 2024 жылдың соңына қарай, бүкіл ЖСҚ құнының 60% астамы жергілікті жұмыстар, қызметтер және тауарларға жұмсалған.
- ✓ 1997 жылы ӨБТК қол қойылғалы бері КПО-ның тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу шығындарындағы жергілікті қамтудың жалпы үлесі 10,1 млрд АҚШ долларынан асты.



ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ҚОЛДАУ

2024 жылы КПО әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру шеңберінде құны 47,2 млн АҚШ доллары болатын бес әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаны жоспарланған мерзім шеңберінде жүзеге асыра алды.

2024 жылы КПО Батыс Қазақстан облысында аяқтаған әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобалар:

- ✓ Казталов ауданы Саралжын ауылында 60 орындық шағын мектеп салу

- ✓ Бөрлі ауданы Жарсуат ауылында 108 орындық шағын мектеп салу
- ✓ Казталов ауданы Казталов ауылында 320 көрмендік дене шынықтыру және сауықтыру орталығын салу
- ✓ Тасқала ауданы, Тасқала ауылындағы 320 көрмендік дене шынықтыру және сауықтыру кешенінің құрылысы
- ✓ Ақсай ауруханасының жедел көмек көрсету мүмкіндіктерін жаңғырту.

	2022	2023	2024
Жобалардың жалпы саны	17**	24**	13**
Аяқталған жобалар	3/14*	18/6*	5/8*
Іс жүзінде жұмсалды млн АҚШ доллары	5,6	43,2	47,2

* жүзеге асыру ұзақтығы бір жылдан астам жобалар (жобаларды келесі жылға көшіру)

IMB Орталығының форумы, Қазақстандық өндірушілерге арналған Ашық есік күні



КОРПОРАТИВТІК ІСКЕРЛІК ТӘРТІП

КПО ТӘРТІП КОДЕКСІ

Тәртіп кодексі талаптарды сақтаудың барлық аспектілеріне қатысты КПО-ның негізгі құжаты болып табылады, оның мақсаты – Компания қызметін қорғау. Тәртіп кодексі – бұл КПО-ның жұмыскерлері, мердігерлердің жұмыскерлері және КПО атынан жұмыс істейтін басқа адамдардың барлығы бірдей сақтап орындауы қажет КПО-ның іскерлік этикасы мен корпоративтік мәдениетіне қатысты жалпы ережелер жиынтығы.

Тәртіп кодексінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы ережелер қамтылған, ол ұлттық және халықаралық сауда, денсаулық сақтау, қауіпсіздік техникасы және қоршаған ортаны қорғау және ақпарат алмасу сияқты кейбір аспектілерді реттейді.

КПО ІСКЕРЛІК ЭТИКА ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК МӘДЕНИЕТ

КПО өзінің бизнес қағидаларында, тәртіп кодексінде, парақорлыққа, сыбайлас жемқорлыққа және ақшаны жылыстатуға қарсы нұсқаулығында келтірілген бизнесті жүргізудегі этикалық құндылықтары оның барлық қарым-қатынастарының негізі болып табылатын әділ және әділетті бизнес ортасын құрып, оның сақталуына жағдай жасайды.

КПО-ның әрбір жұмыскері жыл сайын Әдеп және нормаларға сәйкестік бойынша оқытудан өтеді.

КПО ЖЕДЕЛ ЖЕЛІСІ

2012 жылдан бастап Компанияның этикасына және нормаларға сәйкестік бағдарламасын қолдау мақ-

сатында тегін, анонимдік және құпия жедел желі жұмыс істеп келеді.

Жедел желі КПО жұмыскерлері, мердігерлер және мүдделі тараптар үшін қолайлы жұмыс ортасын құру шеңберінде алаяқтықпен, зорлық-зомбылықпен және жұмыс орнындағы басқа да заңсыз әрекеттермен күресудің маңызды құралы болып табылады. Жедел желіні тәртіп кодексіне қатысты барлық ереже бұзушылықтар және ықтимал құқықтық және этикалық ереже бұзушылықтар, кемсітушілік, жыныстық оймен тиісу, мүдделер қақтығысы, парақорлық және т.б. сияқты басқа да ықтимал мәселелер туралы хабарлау үшін пайдалануға болады.

КОНТРАГЕНТТЕРДІ ЭТИКАЛЫҚ СӘЙКЕСТІК ТҰРҒЫСЫНАН ТЕКСЕРУ

КПО ықтимал мердігерлердің әрқайсысымен байланысты қауіп-қатерлерді анықтау және қауіп-қатерді төндіруі мүмкін мәселелерді тиісінше реттеу шараларын айқындау мақсатында компанияларды этикалық сәйкестік тұрғысынан тексеру бағдарламасын іске асырып келеді.

Атап айтқанда, этикалық тексеру мақсатында әрбір әлеуетті мердігерге толық ақпарат көрсетілу керек сауалнама беріледі, онда серіктес ұстанатын бизнесті жүргізудің этикалық қағидаттарына қатысты сұрақтар қойылған. КПО этикалық сәйкестік тұрғысынан тексеру үшін сонымен қатар ашық ұлттық және халықаралық дерекқорларды (соның ішінде салық және сот дерекқорларын) және

басқа да ашық дереккөздерден алынған ақпаратты пайдаланады.

КПО келісімшартының үлгілік нысанына түрлі міндеттемелерді енгізіп, өзінің мердігерлерінен Қазақстан Республикасының заңнамасын және сыбайлас жемқорлыққа және парақорлыққа қарсы күрес туралы халықаралық заңнаманы сақтауды талап етеді.

КПО «ЭТИКА КҮНІ»

2024 жылы КПО заң директорының бастама-сымен және қолдауымен «Этика күні» өтті. Бұл шараға бірінші және екінші деңгейдегі КПО басшылығы, сондай-ақ Шелл мен Эни өкілдері қатысты. Бұл шара этикалық көшбасшылыққа қатысты мәселелерді, соның ішінде этика мен сәйкестіктің өзекті тақырыптарын талқылауға мүмкіндік берді. «Этика күні» компанияда жыл сайын ұйымдастырылатын шараға айналады.

ЖЕРГІЛІКТІ ХАЛЫҚПЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Қарашығанақ кен орнын дамытумен бірге, КПО жергілікті тұрғындармен қарым-қатынасты нығайту, яғни экономикалық өсуге және дамуға қолайлы жағдай жасау арқылы өз қызметтерінен болатын кері әсердің алдын алу немесе барынша азайту, және пайданы арттыру бағытында жұмыстанып келеді. Компанияның корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясаттары, стандарттары мен процедуралары Халықаралық қаржы корпорациясының (ХҚҚ) қызметтер стандарттарына негізделген.

Әлеуметтік және инфрақұрылымдық мәселелер бойынша жергілікті халықпен барынша тиімді диалог жүргізу мақсатында КПО құрамына компания қызметкерлері мен ауылдық округтердің өкілдері



кіретін Консультативтік кеңестер отырысы түрінде кездесулер мен кеңестер өткізеді. Консультативтік кеңестер отырысы түрінде кездесулер мен кеңестер КПО компаниясының әлеуметтік жауапкершілік саласындағы қызметінің негізі. Ауылдық округтердің өкілдері кіретін консультативтік кеңестер отырысы түрінде кездесулер жергілікті тұрғындармен жүргізіліп жатқан диалог КПО компаниясына сұрақтарға жауап беруге, туындаған ұсыныстар мен бастамаларды талқылауға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде олардың мәселелерін шешуге көмектеседі. Атап айтқанда, 2024 жылы КПО Қарашығанақ кен орны айналасындағы орналасқан үш ауылдық округтерінде (Приурал, Жарсуат және Успен) 12 консультативтік кеңестің 12 отырысын өткізді. Осы отырыстарда консультативтік кеңес және КПО жергілікті халықпен қарым-қатынас бөлімінің мүшелері жергілікті қауымдастықтарды дамытуға көмек көрсету бағдарламасын талқылады, КПО мамандары Жергілікті қауымдастықтарды дамытуға көмек көрсету бағдарламасы мен экологиялық мониторинг туралы ақпарат берді.

Жергілікті қауымдастықтарды қолдау көрсету аясында асырылған ең маңызды жобаларының бірі – Қарашығанақ кен орны маңында орналасқан ауылдарда (Бөрлі ауданының Успен, Жарсуат, Приурал ауылдық округтері) тұратын зейнет жастағы тұрғындарға санаториялық-курорттық ем алу және оқушыларға жазғы лагерьде демалуды ұйымдастыру. 2024 жылы КПО Бөрлі ауданының егде жастағы 177 тұрғынына «Ақжайық» шипажайында ем алуға жолдама берді. 2024 жылы КПО-ға Бөрлі ауданының жергілікті тұрғындарынан жасы үлкен тұрғындардың денсаулығына деген қамқорлығы үшін бірқатар алғыс хаттар келіп түсті.

Демеушілік және қайырымдылық бағдарламасы шеңберінде КПО Бөрлі ауданы мен Орал қаласының жасы үлкен тұрғындарына 1800 облыстық және жергілікті газетке ай сайынғы жазылым арқылы қолдау көрсетеді.

Сонымен қатар, жергілікті қауымдастықтарға арналған әлеуметтік қызмет саласындағы КПО бағдарламалары жергілікті жастарды дамытуға бағытталған. Приурал, Жарсуат және Успен ауылдық округтерінен КПО стипендияларын ұсыну бағдарламасының талаптарына сай келген сегіз мектеп түлектеріне Батыс Қазақстан облысының колледждері мен университеттеріне қабылданды. КПО олардың оқуға жұмсалған шығындарын өтейді және ай сайынғы стипендиясын төлеп тұрады. Бес студент оқуын аяқтап, мамандығы бойынша жұмысқа орналасты.

Жоғарыда аталған бағдарламалар жергілікті қауымдастық арасында танымал, сұранысқа ие және Бөрлі ауданының әкімшілігі тарапынан қолдауға ие болып табылады.

ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗҒА САЙ БОЛУ

АДАМДАРҒА ДЕГЕН ҚАМҚОРЛЫҚ

Ынтылы әрі білікті адамдар – компания тірегі

НӨЛДІК КӨРСЕТКІШ

Адамдар мен қоршаған ортаға зиян келтірмеу



- Ұлттандыру
- Даму және өнімділік
- Талқыға тарту
- Әралуандық және тең мүмкіндіктер
- Этикалық нормалар және нормативтік-құқықтық сәйкестік



- Қауіпсіздік мәдениеті
- Бизнес серіктестер
- Жабдықты қорғау
- ҚОҚ-тың жоғары деңгейі
- Денсаулықты сақтау

ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ

ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР

Әлеуметтік жауапкершілік және мүдделі тараптарды тарту

ШЫҒЫНДАРДЫ БАСҚАРУ

Қаражатты ұтымды игеру және жергілікті әлеуетті дамытуға жәрдемдесу



- ҚР
- PSA
- Бас компаниялар
- БҚО және жергілікті халық
- Ішкі байланыс



- Келісім-шарттар
- Цифрландыру, жеңілдету
- Шығындарды оңтайландыру
- Жергілікті қамту
- Қорлар

БОЛАШАҚТЫ ҚҰРУ

КІРІСТЕРДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Өндірісті арттырып, кеңею жобаларын іске асыру

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ БЕТБҰРЫС

Көміртек ізін азайту



- Пайдалану тиімділігі
- Нысандарды оңтайландыру
- Жобаларды іске асыру
- Газ жобасы
- Экспорт бағдарлары



- Шығарындылардың нөлдік деңгейіне жетуге ұмтылу
- Қуат стратегиясы
- Шығарындыларды азайту стратегиясы
- Су стратегиясы
- Қалдық ресурстары стратегиясы





ҚПО
әлеуметтік
желілері:

